

**Диссертациялық кеңестің 2024 жылғы жұмысы туралы**  
**ЕСЕП**

Академик Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университетінің 8D05301 -  
Химия: 6D060600 /8D05308901 - Химия білім беру бағдарламасы бойынша  
философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге  
арналған диссертацияларды қорғау бойынша диссертациялық кеңес

**1. Откізілген отырыстардың саны туралы деректер:**

Есепті 2024 жылы диссертация қорғау бойынша диссертациялық  
кеңестің 3 (үш) отырысы өткізілді.

Диссертацияны қорғау туралы ақпарат және барлық қажетті құжаттар  
академик Е.А. Бекетов және Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары  
білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны  
қамтамасыз ету комитетіне жолданды.

**2. Откізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан  
кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты.**

**3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.**

Докторанттар туралы мәліметтер кестеде келтірілген.

**2024 жылы диссертация қорғауға қабылданған докторанттар тізімі:**

№	Докторанттың Т.А.Ә.	Оқу орны	Ғылыми кеңесшілер
1	Борсынбаев Асхат Сакенович	академик Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университеті	Омаров Х.Б. – т.ғ.д., профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университетінің «Химия, химиялық технология және экология» кафедрасының профессоры, Астана қ., Қазахстан Республикасы; Мустафин Е.С. – х.ғ.д., профессор, Қарағанды қ., Қазахстан Республикасы; Давид Хавличек - Doc. RNDr., CSc, Карлов университеті, Прага қ., Чехия.
2	Тянах Сайрагул	академик Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университеті	Байкенов Мурзабек Исполович – х.ғ.д., профессор, академик Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университетінің химиялық технология және мұнайхимия кафедрасының профессор-зерттеушісі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы; Ма Фэн Юн – PhD, Шыңжан Университетінің профессоры, Үрімши қ., Қытай Халық Республикасы; Мусина Г.Н. – х.ғ.к., КЕАҚ «Ә. Сагынов атындағы Қарағанды техникалық университеті», инфрақұрылымды дамыту жөніндегі директор, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

3	Болатбай Абылайхан Нұрланұлы	академик Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университеті	Сарсенбекова А.Ж. – PhD (6D060600-химия), академик Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университеті физикалық және аналитикалық химия кафедрасының кауымдастырылған профессоры, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы; Давид Хавличек - Doc. RNDr., CSc, Карлов университеті, Прага қ., Чехия.
---	------------------------------	---	---

#### 4. Есепті жыл ішінде Кенес қараған диссертацияларға қысқаша талдау:

Борсынбаев Асхат Сакенович, диссертация тақырыбы: «Электрогидроимпульстік разрядты пайдаланып Жезқазған және Қарағайлы байыту фабрикаларының қалдықтарынан металдарды бөліп алу процесінің физика-химиялық сипаттамаларын зерттеу», «6D060600-Химия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған.

1) *Қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау.* Диссертациялық жұмыс Жезқазған және Қарағайлы байыту фабрикаларының қалдықтарынан электрогидроимпульстік разрядты (ЭГИР) және электрохимиялық әдістерді қолдана отырып, мыс және басқа түсті металдарды бөліп алу процесінің физика-химиялық сипаттамаларын зерттеуге және шаймалауды қолдану кезінде жаңа әдістерін зертеуге арналған. Бұл зерттеуде байыту фабрикаларының қалдықтарын пайдалану мәселесін шешу әдісі алғаш рет ұсынылды, олардың құрамында бірқатар бағалы металдар (Cu, Fe, Zn және т.б.) бар және құнды элементтердің концентраттарын алу үшін әлеуетті шикізат болып табылады.

2) *Диссертациялар тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының З-тармагына және (немесе) мемлекеттік багдарламаларга сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жасындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырылған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.*

Ғылыми жұмыс «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС мен Е.А. Бекетов атындағы ҚарМУ арасындағы келісім-шарт 17.05.2019 жылғы № D1941-190943-126581/371-2 «Мысты (және басқа да түсті металдарды) алу үшін электрохимиялық процестерді және электрогидроимпульстік разрядты (ЭГИР) энергиясын пайдалана отырып, тау-кен металлургиялық өндірісінің қалдықтарынан металдарды алу технологиясын өзірлеу» жобасы негізінде жүргізілді. Зертханалық талдаулар «Центргеоланалит» ЖШС (Қарағанды), және Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университеті Ғылыми зерттеу орталығы «Қолданбалы химия», «Физика-химиялық зерттеулердің әдістері» инженерлік бейіндегі зертханасында, Молекулалық нанофотоника институтында, Нанотехнология және функционалды наноматериалдар ғылыми орталықтарында орындалды.

*3) Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.* Зерттеу жұмысының практикалық маңызы байыту фабрикаларының қалдықтары алғаш рет түсті металдарды өндірудің әлеуетті шикізаты ретінде зерттелді. Алғаш рет құнды компоненттерді ерітіндіге өткізуі энергияны үнемдейтін және экологиялық таза әдісі ретінде қалдықтардың сулы қойыртпағына аз мөлшерде реагенттермен электрогидропульсті әсер ету мүмкіндігі көрсетілді.

**Жаның Айралы, диссертация тақырыбы: «Біріншілік тасқомір шайырын және мұнай шламын гидроконверсиялауға арналған микросиликатқа негізделген нанокатализатор», №8D05301-Химия, білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған.**

*1) Караптырылған жұмыстардың тақырыбын талдау.* Жұмыс никель, кобальт және темір микросиликаты қондырылған нанокатализаторларды пайдалана отырып, біріншілік тасқомір шайырлары мен мұнай шламдарының гидроконверсиялық процесін зерттеуге арналады.

*2) Диссертациялар тақырыбының "Ғылым туралы" Заңың 18-бабының З-тармагына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жасындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырган ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.* Жұмыс «Ауыр көмірсұтекті шикізатты гидроендеудің нанокаталитикалық жүйесі» (2022-2024 жж., мемлекеттік тіркеу нөмірі №0122РК00092 ) атты жоба тақырыбы бойынша іргелі ғылыми-зерттеу бағдарламасы аясында және «Шұбарқөл Көмір» АҚ мұнай тақтатастарын және төмен температуралы фракциялық шайырларды гидродеметализациялау» (2023-2025 жж., мемлекеттік тіркеу нөмірі № 0123РК00217) атты жоба тақырыбы бойынша қолданбалы ғылыми-зерттеу бағдарламасы аясында жүргізілді.

*3) Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.* Алынған нәтижелер мұнай шламдары мен төмен температуралы тасқомір шайырларды термиялық деструкциялау және гидрогенизациялау механизмдерін түсінуге, Қазақстан Республикасының энергетикалық, мұнай өндеу және мұнай-химия өнеркәсібі үшін елеулі маңызы бар көмірсұтекті материалдарды өндеудің жаңа әдістерін құруға маңызды үлес қоса алады.

**Болатбай Абылайхан Нұрланұлы, диссертация тақырыбы: «Полиэтиленгликольфумарат және акрил қышқылы сополимерлерінің термиялық деструкция үрдісін зерттеу», №8D05301-Химия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған.**

*1) Караптырылған жұмыстардың тақырыбын талдау.* Диссертациялық жұмыс полиэтиленгликольфумаратпен акрил қышқылы

сополимерлерінің термиялық деструкциясындағы термохимиялық өзгерістердің ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Жұмыста сополимерлердің кинетикасы мен ыдырау механизмін эксперименттік зерттеу жүргізді.

**2) Диссертациялар тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының З-тармагына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жасындағы Жоғары гылыми-техникалық комиссия қалыптастырган гылымды дамыту бағыттарымен байланысы.** Жұмыс «Құрылым және қорғаныс өнеркәсібінің қажеттіліктері үшін қанықлаған полиэфирлі шайырлар негізіндегі жаңа герметиктер мен желімдерді жасау» тақырыбы бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шенберінде жүргізді (2021-2023 гг., BR10965249-OT-23).

**3) Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.** Біздің республика аумағында да, бүкіл әлемде де бар термиялық талдау әдістерін айтартықтай онтайландыру мүмкіндігі. Практикалық зерттеулердің он нәтижелері әдістемеде де, полимерлі шайырлардың практикалық өндірісінде де көптеген мәселелерді шеше алады. Термиялық талдау зерттеулері жоғары молекулалық материалдарды зерттеуде маңызды факторға айналуда. Осыған байланысты кинетикалық есептеулер үшін термиялық талдау деректерін жинау бойынша ұсыныстарды әзірлеу қажеттілігі туындейды, бұл термоанализаторлардың жақсаруына және дәл жұмыс істеуіне ықпал етеді. Бұл термограммаларды тіркеу параметрлерін және оларды кейінгі өндеуді онтайландыруға мүмкіндік береді. Бұгінгі танда термиялық жабдықты өндірумен айналысатын мамандар, әдетте, жоғары мамандандырылған әдістер мен бағдарламаларды қолданады, бұл әрқашан барлық мәселелерді шешуге мүмкіндік бермейді.

## 5. Ресми рецензеттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

**Ресми рецензент туралы мәліметтер кестеде көлтірілген.**

№	Докторанттың Т.А.Ә.	Диссертация тақырыбы	Официальных рецензенты
1	Борсынбаев Асхат Сакенович	Электргидроимпульстік разрядты пайдаланып Жезқазган және Қарағайлы байыту фабрикаларының калдықтарынан металдарды бөліп алу процесінің физика-химиялық сипаттамаларын зерттеу	Еркасов Рахметулла Шарапиденович – химия ғылымдарының докторы (02.00.01-бейорганикалық химия), Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті химия кафедрасының профессоры; Абдраймова Молдир Рашидовна – PhD (6D060600-химия), қауымдастырылған профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің жоғары окуорынан кейінгі білім департаментінің директоры.
2	Тянах Сайрагул	Біріншілік тасқомір шайырын және мұнай шламын гидроконверсиялауға	Масалимова Б.К. – х.г.к. (02.00.15 - Катализ), қауымдастырылған профессор, КЕАҚ "Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті", химия

		арналған микросиликатка негізделген нанокатализатор	және химиялық технология кафедрасының профессоры; Аубакиров Е.А.– х.ғ.д. (02.00.15 - Катализ), профессор, Әл-Фараби атындағы Қазак Ұлттық университеті химия және химиялық технология факультеті физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының меншерушісі.
3	Болатбай Абылайхан Нұрланұлы	Полиэтиленгликольфум арат және акрил қышқылы сополимерлерінің термиялық деструкция үрдісін зерттеу	Джумадилов Т.К. – х.ғ.д. (02.00.06-жогары молекулалық қосылыстар), профессор, А.Бекутров атындағы химия ғылымдарың Институты полимерлердің синтезі мен физикохимия зертханасының меншерушісі. Нұрлыбаева А.Н. – PhD (6D060600-химия), М.Х.Дулати атындағы Тараз өнірлік университетінің химия және химиялық технология кауымдастырылған профессоры.

## 6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру ғылым мен техниканы дамытудың маңызды міндеті болып табылады. Бұл жүйені жетілдіру нұсқаларының бірі – зерттеушілер тек облыстық ғана емес, республикалық деңгейде қымбат тұратын жабдыққа қол жеткізе алатын ұжымдық пайдалану орталықтарын құру.

## 7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

- 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - 3 (үш);
- 2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;
- 3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;
- 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;
- 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;
- 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ.

Диссертациялық кеңестің төрағасы,  
х.ғ.д., профессор

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы,  
х.ғ.к., қауым. проф



Байқенов М.И.

Кажмуратова А.Т.